

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің "5547 әскери бөлімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 маусымдағы N 894 Қаулысы

Құқық бұзушылықтардың алдын алу деңгейін арттыру және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиісінше қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда қаласында орналастыра отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің "5547 әскери бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - М е к е м е) қ ұ р ы л с ы н .

2. Мекемені қаржыландыру 2009 жылға арналған республикалық бюджетте 004 "Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ішкі әскерлердің қызметтері" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде жүргізіледі деп б е л г і л е н с і н .

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеменің штат санын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің құрамалары мен бөлімдері штат санының лимиті шегінде белгіленсін;

2) Мекеменің жарғысын бекітсін және оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қызылорда облысының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен Мекемені орналастыруға арналған ғимараттар мен құрылыстарды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне беру жөнінде шаралар қабылдасын.

5. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы N 607 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 25, 311-құжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің карамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"1. Мемлекеттік мекемелер" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 64-1-ж о л м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"64-1. 5547 әскери бөлімі."

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК